

ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ

Ұлттық мүдде ^[1] - кең мағынасында - **қоғамдық** өмірдің барлық саласындағы **әлеуметтік-саяси** қажеттіліктерді көрсететін елдің ұлттық-мемлекеттік мүдделері; тар мағынасында - **ұлттың** немесе басқа **этностың** саяси, **экономикалық**, әлеуметтік және рухани өміріндегі қажеттіліктерінің көрінісі^[2] **Ұлттық мүдде** - кең мағынасында - қоғамдық өмірдің барлық саласындағы әлеуметтік-саяси қажеттіліктерді көрсететін елдің ұлттық-мемлекеттік мүдделері; тар мағынасында — ұлттың немесе басқа этностың саяси, экономикалық, әлеуметтік және рухани өміріндегі қажеттіліктерінің көрінісі. Әр адам өзін нақты бір ұлттың өкілімін деп санайды. Ұлттық идентификациялану азаматтың жеке басының ісі, ол негізінен шыққан тегіне байланысты айқындалады. Аралас некеден туған адам заң бойынша әкесінің, не анасының ұлтын таңдаймын десе өз еркі. Барлық халықта дерлік, әсіресе, қазақта ұлтын әкесі бойынша анықтайды, тек кейбір халықта, мысалы, еврейлерде ұлттық болмысы шешесінен танылады. Бірақ ғылыми деректер бойынша адамның негізгі тектік қасиеттері еркекте ғана болатын Y-хромосомы арқылы беріледі. Соған қарамай, өте сирек болса да түрлі себептермен әкесіне де, шешесіне қатысы жоқ бір ұлтты таңдау да кездеседі. Заңда бұған шектеу жоқ, ұлтын жарияламауға да ерік беріледі. Тіпті жеке бір ұлттың емес, жалпы адамзаттың өкілімін дейтіндер де бар. Алайда, тарихта белгілі, бүкіл адамзатқа ортақ, атақты тұлғалардың ешқайсысы да өз ұлтын тәрк етпеген.



Жұматаева, Е., **Қазақстан Республикасындағы білім жүйесін басқаруда білімдену инновациялық технологияларын жүзеге асыру**/ Е. Жұматаева Р. Ж. Қадысова - Павлодар: ҒӨФ «ЭКО», 2008. – 308 б.

Қазақстан Республикасындағы білім жүйесін басқаруда білімдену инновациялық технологияларын жүзеге асырудың тұжырымдамасы құрылған. Тұжырымдамада «Қазақстан – 2030» Стратегиясын, «Білім Заңын», «Инновациялық технологияларды жүзеге асырудың құжаттарын» басқару іс-әрекетінде ұтымды қолданудың маңызы айқындалған. Ұтымды инновациялық технологияларын басқарудың инструменті ретінде саралап алу техникасы ұсынылған. Интерактивті-ақпараттық технологияларын басқа технологиялармен біріктіру амалдары қарастырылған. Қазақстан Республикасының білім жүйесін басқаруда білімдену инновациялық технологияларын жүзеге асырудың мониторингісі түзілген.









- Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі – қазақ халқының игілігі, оның архимаңызды рухани және мәдени құндылығы, тұлғаның барлық деңгейлерде қалыптасуына қажетті фактор, басқа тілдерді меңгерудегі базалық тіл, мәдени-тілдік қоғамдастықты дамыту мен көркейтудің кепілі және күшті идентификаторы, ондағы әлеуметтік-адами қатынастарды реттеуші, жалпыадамзаттық және ұлттық білімдер, құндылықтар жүйесінің аккумуляторы және трансформаторы. Ана тілінен тамырын үзген адам – осы байлық пен бағасыз игіліктен айырылған жан. Сондықтан Қазақстандағы үштілділіктің әрбір компонент-тілі осы тілдің басымдығына бағынуға, соған қызмет етуі тиіс. Тіл саясатындағы тек осыдан кейінгі кезектегі, екінші басымдық – Қазақстандағы көптілділік, өйткені қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгерген ҚР-ның әр азаматы өз білім капиталын айтарлықтай еселей алады, олай болса оның бәсекеге қабілеттілігі жоғары және мүмкіндіктері артық болмақ. Ал Қазақстанда орыс тілінің позициясы жоғары: ол Конституцияда бекітілген мемлекеттік тілмен қатар ресми жағдайда қолданылатын тіл ретінде көрсетілген. Кавказ елдері, оның ішінде Грузиядағы мемлекеттік және ағылшын тілдері негізіндегі екітілділікке басымдық беру бұл елде сыртқы саясаттың Батысқа бағдарланғандығымен тығыз байланысты. Осымен байланысты Грузияда қазіргі кезде орыс тілінің позициясы төмендеп кетті. Сондай-ақ сарапшылар посткеңестік кеңістіктегі Орта Азия елдерінің ішінде қостілді модельге бағдар алғандардың бірі Өзбекстандағы жағдай жоғарыдағы елдермен салыстырғанда қоғам дамуы үшін айтарлықтай тиімді болып отырған жоқ деп бағалайды. Себебі мұндағы орыс тілінің орнына ұсынылған ағылшын тілі елде әлі күшті позицияларды алған жоқ. Ағылшын тілін халықтың мүлде аз бөлігі және белгілі бір мамандық иелері ғана білетіндіктен, өзбек қоғамы монотілділікке ойысқан десе де болады. Ал бұндай біртілді қоғам жаһанданудың заманында аморфты келеді, сырттан келген ақпараттар легін игеру мүмкіндігі шектеулі болады. Міне, осындай қауіптерді ескергенде, қазіргі таңда посткеңестік кеңістіктің субъектісі ретінде Қазақстан үшін таңдалған «қазақ тілі – орыс тілі – ағылшын тілі» үштілділік моделі сыртқы саясат бағдарына, ішкі жағдайға мейлінше жауап бере алатындай болып отыр. Мұндағы ішкі жағдай дегенде Қазақстанның ақпараттық кеңістігіндегі орыс тілінің әлі де мықты позициясын, сонымен бірге ағылшын тілінен келген ақпараттың 80-90 пайызының қазақ тіліне аударылуына аралық тіл қызметін атқарып отырған рөлін ескеру қажет. Себебі елдегі қалыптасып отырған жағдайда ағылшын тілді азаматтар санының әлі де ақпараттық кеңістікті игерудегі жеткіліксіздігі, сонымен бірге тікелей мемлекеттік тілден ағылшын тіліне аударатын, оқытатын құралдардың тапшылығымен байланысты орыс тіліне арқа сүйеу күшті. Бұған қоса Қазақстандағы тілдік саясатта үштік модельге басымдық беруге өз демократиялық даму жолында Ресейге көп бағдарланғандығымен байланысты саяси фактор да себеп болды. Екінші жағынан, Қазақстандағы орыс ұлтының әлі де болса өз мәртебесін сақтап қалуға деген құлшынысын және мұны Ресейдің белсенді қолдауын да назардан сырт қалдырмаған жөн.

